




Кітаптан өмір шуақты



Виртуалды көрме




Құрметті балалар!

Әдеби кітапты оқу арқылы, Сіздер сезімге, ерекше көңіл-күйге, эстетикалық сұлулыққа бөленіп, танымдық, энциклопедиялық кітаптар арқылы білім алып, ой-өрістеріңді дамытасыздар. Кітап оқу — үлкен мәдениет пен интеллектуалдық жетістіктердің іріетасы.


Кітап күнделікті өміріңіздің ажырамас бөлігіне айналуы керек. Кітап оқу сіздерді ойлауға үйретеді, сөйлеу қабілеттеріңізді, есте сақтауды, қиялдарыңызды дамытады, танымдық қызыметтеріңізді анықтайды.

Балалар, Сіздерді шетел әдебиеті жазушыларының «Кітаптен өмір шуақты» атты көрмесімен танысуға шақырамыз.



821.131.1=512.122-93
P56

Родари, Д. Чиполлиноның басынан
кешкендері [Мәтін] : ертегі / Джанни Родари. ;
сурет. К. Баглиони ; ауд. Н. Мұратәлі.- Нұр-
Сұлтан: Фолиант, 2021. – 208 б.




«Чиполлино» сөзі итальян тілінен аударғанда «пияз» дегенді білдіреді. Белгілі итальян жазушысы Джанни Родаридің пияз-балақай жайлы ертегісі бүкіл әлем балаларына таныс. Чиполлино есімді көңілді әрі тентек мінезді балақай өзінің жеміс-жидек пен көкөністен тұратын тұрғындарына көмекке келеді. Ол достарымен бірге әділеттілікті жақтап, қатыгез ханзада Лимонға, ашушаң сеньор Қызанақ пен сүйкімсіз Шие графиняларға қарсы тұрады. Осы жолда олар небір қиындыққа тап болса да, мойымай жеңіске жетуге тырысады.

821.113.6-93 Линдгрэн, А. Ұзыншұлық Пиппи
Л54 достарымен бірге [Мәтін] / Астрид Линдгрэн. ;
[ауд. М. Сембайқызы]. - Нұр-Сұлтан: Фолиант,
2021. – 120 б.

Швед жазушысы Астрид Линдгрэн - әлемге танымал бірқатар кітаптардың авторы. Қазақ оқырмандары оны негізінен «Балақай және шатырда тұратын Карлсон» кітабы арқылы таниды. «Ұзыншұлық Пиппи» Линдгрэннің алғашқы шығармаларының бірі.

«Ұзыншұлық Пиппи достарымен бірге» атты кітапта Ұзыншұлық Пиппи Виллекулла вилласында тұрып күнде достары Томми және Анникамен бірге ойнайды, тәтті вафли пісіріп, әкесімен теңіз саяхаттарында көрген қызықтарын әңгімелеп береді. Ал демалыс күндері барлық балаға мұз кәмпит әперіп, ойын-сауыққа кенеледі. Алайда әлемдегі ең көңілді, мейірімді қыз Ұзыншұлық Пиппиге бір күні ерекше қонақ келіп, бәрі өзгеріп сала береді.



Кітап — адамзат ақыл -ойының інжу-маржанын бойына
жинайды да, оларды оқырман қауымға жеткізеді. Ал кітаптар
дәл бір темір мен таспан қашалып жасалған ескерткіштердей
ғасырлар бойына сақталады.

М.Айбек

Кітап — заманалар толқынында тербеліп, үстіндегі қымбат
қазынасын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келе жатқан ой
кемесі.


Ф.Бәкон

Жақсы кітапты оқу өткен ғасырдағы кемеңгерлермен ауызба-
ауыз сөйлескенмен бірдей және олар өздерінің ең озық ақыл-
ойларын алдымызға жайып салады.

Р.Декарт



821.113.6-93 Линдгрэн, А. Ұзыншұлық Пиппи
Л54 Коратуттутт аралында [Мәтін] / Астрид
Линдгрэн. ; [ауд. М. Сембайқызы]. - Нұр-
Сұлтан: Фолиант, 2020. – 112 б.



Швед жазушысы Астрид Линдгрентің «Ұзыншұлық Пиппи Коратуттутт аралында» кітапта бұл жолы Пиппи «қапима» сөзін ойлап табады, ұрылардың сазайын тартқызып, балаларға қолындағы бар тәттісін үлестіреді. Әкесінен хат алып, Анника және Томмимен бірге Коратуттутт аралына саяхаттайды. Бірде күннің аптап ыстығына күйіп, енді бірде алапат дауылға қалса да, «Уссамкура куссомкара!» деп қуана айғайлаған тұрғындарды көріп, бар қиындықты ұмытады.

Ұзыншұлық Пиппимен әр қашанда көңілді.


821.161.1=512.122-93 Носов, Н. Дымбілмес пен достарының
Н77 хикаялары [Мәтін] : ертегі-роман / Николай
Носов. ; сурет. В. Челак ; орыс тілінен ауд. Б.
Бодаубай.- Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. – 184 б.



«Дымбілмес пен достарының хикаялары» - көрнекті орыс қаламгері, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Николай Носовтың ТМД елдері мен дүние жүзі халықтарының көптеген тілдеріне аударылған, балалар сүйіп оқитын әйгілі шығармасы.

Шығарма кейіпкері Дымбілмес (орысша есімі — Незнайка) — ертегілер елінде, ергежейлілер қаласында өмір сүретін құртақандай ғана сүйкімді балақан. Есімінің Дымбілмес болуы да кездейсоқ емес, әрине. Өзі құралыптас балақандар сияқты, ол да талай-талай тәтті қиялдарға бой алдырады. Бірақ әрдайым сәтсіздіктер мен күлкілі жайларға ұшырап қала береді. Сонда да қиялдауын, керемет бір ғажап істер тындырып тастауға, әртүрлі қызықты саяхаттарға шығуға құштарлығын қойған жоқ. Осының арқасында оның басынан талай-талай ғажайып оқиғалар өтеді.

Кітапта суреттелетін кейіпкерлердің басынан өткен қызықты оқиғалар, олардың әрқайсысының мінез-кұлықтары мен іс-әрекеттері оқырманға езу тартқызбай қоймасы анық. Оқиғалары мейлінше қызықты, тілі тартымды.



821.131.1=512.122-93 Родари, Д. Джельсомино Суайттар елінде
P56 [Мәтін] : ертегі / Джанни Родари. ; сурет. В.
Петроне ; ауд. И. Хасенұлы. - Нұр-Сұлтан:
Фолиант, 2021. – 144 б.



Белгілі итальян жазушысы Джанни Родаридің «Джельсомино Суайттар елінде» атты ертегінің кейіпкері ақырын сөйлегеннің өзінде әуедегі ұшақтың жолаушылары да еститін, ал ән салғанда айналасын қирататын зор дауысты Джельсомино жайлы ертегі. Көршілері Джельсоминоға тыныштық бермейді: олардың кейбірі оны мейірімді сиқыршы десе, басқалары зұлым сиқыршы деп ойлайтын. Бір күні Джельсомино үйінен кетіп, әлемді аралауға жолға шығады. Азды-көпті жүрген соң Суайттар еліне тап болады. Мұндағы тұрғындар, тіпті жануарлар да үнемі өтірік айтуға міндетті екен. Мысықтар үреді, ал иттер мияулайды, аттар мөңіресе, сиырлар кісінейді. Суретші он үш аяғы бар жылқыны, бес өркешті түйені салуға, адамдарды алты көзді, үш мұрынды етіп бейнелеуге мәжбүр...



Әр ұлттың, елдің келешегі мен болашағын баян еткен, тарихы мен өткенін жыр еткен де - кітап болатын. Сондықтан да, "кітап әлемдегі құпиялы ұлы тағжайыптардың бірі", - дейді Горький. Онда біз әлі білмейтін, естіп оқымаған құр-сыры көп. Оны тек кітаппен дос болған адам ғана құпиясын ашып, тағсабын танып біле алады. Достар, "Артық білім кітапта, Ерінбе оқып көруге", деп ұлы ақынымыз Абай жырлағандай ерінбей білім алуға асығайық.



821.111-31-93 Стивенсон, Р. Л. Қазына аралы
С80 [Мәтін] : роман / Роберт Стивенсон. ;
 [орыс тілінен ауд. Қ. Дәуітов]. -
 Алматы: Балауса, 2021. – 384 б.



Роман таңғажайып оқиғаларға толы. Кітаптың авторы Роберт Стивенсон қазына іздеушілердің қатерлі сапары жайлы әсерлі баяндайды. Кезінде өлемдегі ұлы империялардың бірегейі саналған ағылшын елі жаңа жерлерді игеруде, дәулетін өркендетіп, қазынасын тол- тыруда алдына жан салмағаны тарихтан белгілі. Осындай әлеуметтік өсіп-дамудан туындаған сұраныс адам қиялын оятып, оны алыс та қиын, қатерлі сапарларға тартынбай ат- танатындай етіп тәрбиелейтін өдебиетке зору еді. Міне, бүкіл дүниенің бар байлығын уысыңда ұстауды көксеген ашкөз қоғамның осынау талап-тілегіне орай сол уақыттарда «Қазына аралы» сынды туындылар дүниеге келді.

Бірақ автор сол замандағы әлеуметтік сұраныстардың жетегінде біржақты кетпей, мәселенің өмірлік мәні бар екінші жағын, алтын мен ақшаға есі кете қызыққан адамдардың жан дүниесі азғындап, қу дүниенің құлына айналып кететіндігін өте сенімді суреттейді.

821.111(73) Лондон, Д. Тектік сарын [Мәтін] : хикаят,
Л72 әңгімелер / Джек Лондон. ; ауд. Д. Әшімхан. -
Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. – 248 б

Американдық жазушы, журналист, қоғам қайраткері, тілші Джек Лондон - шығармашылыққа өмірлік тәжірибе жинақтау арқылы жеткен жазушы. Ол әсіресе шытырман оқиғалы әңгімелер мен романдар авторы ретінде танымал. «Тектік сарын», «Ақ азу», «Мартин Иден» атты шығармалары жазушыны бүкіл әлемгетанытып.

Жазушы шығармаларының оқиғалары негізінен барлық адамның аяғы бірдей жете бермейтін, өркениетті ортадан алыс, табиғаты ерек, жаратылысы бөлек, өзгеше бір өңірлерде өтеді. Осы өзгеше өңірлерге тап болған адамдардың ішкі-сыртқы бітім-болмысы да бөлек.

«Тектік сарын» хикаятында Бэк атты иттің таңғажайып тағдыры баяндалады. Кітаптың алғашқы таралымы бір-ақ күнде сатылып, жазушыны әлемге танымал еткен. Жинаққа қаламгердің бір топ әңгімелері де енгізіліп отыр.




821.111-93 Кэрролл, Л. Алиса ғажайыптар елінде
К98 [Мәтін] / Люис Кэрролл. - Алматы:
Мазмұндама, 2021. – 132 б.



Әлем балаларының сүйікті кітабына айналған ағылшын жазушысы Люис Кэрролдың «Алиса ғажайыптар елінде» туындыда аңғарымпаз, елгезек, аңғал, кез келген ертегіге сенуге әзір Алиса жұмбақтар мен ойындардың таңғажайып әлеміне сапар шегеді. Әлгі әлемде математика мен физиканың заңдары жүрмейді, ережелер мен принциптер еш логикасыз жазылады, бірақ сонда да мұндағы өмір көңілді: бәліш пен саңырауқұлақты тістеп, бойың зәулім бұлтқа жетуі де, құтыдағы шырынды ішіп, тышқаннан бетер титімдей қалыпқа түсуің де мүмкін. Айтпақшы, мұнда өзі жоғалса да күлкісі жоғалмайтын Чешир мысығы, үнемі әлдебір жаққа асығып, қалта сағатына қарағыштап жүретін Наурыз қоян, шай ішуден аузы да, қолы да босамайтын Қалпақпай секілді ерекше тұрғындар өмір сүреді. Олармен өңгімелескен сайын Алисаның да пайымы толысып, көкжиегі кеңейе түседі.

Түпнұсқа кітаптағы ағылшын тілінің ерекшелігіне негізделіп жазылған тұстар қазақтілді оқырмандарға бейімделіп аударылды.




821.112.2=512.122-93 Распе, Э. Мүнхаузеннің басынан кешкен
P21 хикаясы [Мәтін] / Распе Э. ; балаларға
ыңғайлап қайта жазған К. Чуковский ; ауд.
Сәлкен ; [жоба авт. А. Құспан]. - [3-ші бас.] -
Алматы: altynsaqa, 2021. – 88 б.

XVIII ғасырда неміс жерінде барон Мүнхаузен деген әпенді өмір сүреді. Ұлты неміс. Барон деген лауазымы болған адам екен. Сөйлегенде тыңдарманды баурап алатын ерекше қабілеті болған. Соның басынан кешкен күлдіргі әңгімелерін 1785 жылы неміс жазушысы Эрих Распе жинақтап, кітап етіп жазған. Кейін бұл Еуропадағы өте атақты кітапқа айналған.

Бұл кітап ең алғаш рет 1937 жылы қазақ тіліне аударылған. Авторы Сәлкен деген лақап атпен жариялайды. Кейіннен Оспанхан Әубәкіров, Сатыбалды Даумов деген қазақ жазушылары да қызықты етіп қазақша сөйлетті.

Бұл кітап көкірегін құндылыққа толтырғысы келетін оқырманға арналады.



Кітап – асып-тасымайтын
асыл досымыз.

В. Гюго

Кітап маған тақтан да қымбат
В. Шекспир


Кітапхана – құтхана,
Қадірін білер озат ойлы жұрт
қана.

М. Әлімбаев



821.111-93 Дефо, Д. Робинзон Крузо [Мәтін] : роман /
Д36 Даниэль Дефо. ; [орыс тілінен ауд. К.
Дүйсен].- Алматы: Балауса, 2021. – 480 б.

Ағылшын жазушысы Даниэль Дефоның «Робинзон Крузо» атты кітабы алғаш рет 1719 жылы жарық көрген. Кітапта жиырма сегіз жыл Американың жағалауындағы елсіз аралда, ұлы Ориноко өзенінің сағасына жақын жерде, өзінен басқа, кемедегі экипаждың барлығы қаза тауып, кеме апатынан кейін жағаға шығып, жападан жалғыз тіршілік еткен теңізші Робинзон Крузоның өмірі, басынан өткерген таңғажайып оқиғалары баяндалады. Өзінің мықты рухы мен еңбексүйгіштігінің арқасында аман қалып, өмір сүре білген батыл да тапқыр адам туралы небір қызықты жайттар бас кейіпкердің атынан өңгімеленеді.




821.111-312.9-93 Роулин, Ж.К. Хэрри Поттер мен От сауыт
P80 [Мәтін] / Роулин Ж. К. ; ағылшын тілінен ауд. Д.
Мэзен, С. Мұхамедияр. - Алматы: Steppe & World,
2021. – 600 б.

Қазақстандағы Steppe & WORLD Publishing баспасы ағылшын жазушысы Жоан Роулиннің "Хэрри Поттер" романдар сериясын аударды. Топтамаға кіретін төртінші кітап "Хэрри Поттер мен от сауыт" деген атаумен жарық көрді.

Кітапта Хогвартс сиқыр мектебінің оқушысы Хэрри Поттер мен оның достары Роналд Уизли мен Хэрмиона Грейнджердің бастан кешкен оқиғалары туралы баяндалады. Оқиға желісі Хэрри Поттер мен Волдеморт арасындағы текетіресіне негізделген. Лорд Волдеморттың көздегені - мәңгілік өмір сүру, сиқырлы әлемді қол астына алу, сиқыршы емес адамдарды (магл) жою және қарсы шыққандардың күлін көкке ұшыру.

Бұл жолы чемпиондар осы оқу жылында үш тапсырма орындайды: оларды түрлі сынақ күтіп тұр...

Сиқырды қалай меңгергені, батылдығы, тез шешім қабылдау қабілеті және... қауыпті жағдайдан шыға алуы сыналады.



Кітап!

Сөйлесіп өзінменен тіл қатады,
Еріксіз сөзін жұртқа тыңдатады.
Жеткізіп өткендердің өсиетін,
Шешіліп кейде достай сырласады.

Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл, терең білуге.
Артық білім кітапта,
Ерінбей оқып көруге.
Кітап – ең сабырлы ұстаз, үндемес серік.

Кітабың – сенің құралың,
Жағар білім шырағын.
Баса алмайсың ешқашан,
Онсыз алға бір адам.

Ш.Н. Бейсенгожанова



Кітап. Әдемі өмір.

Кітапті сүйсең, менше сүй

Кітап - адам баласы ақыл - ойынан туған рухани байлықты сақтап, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыратын құрал. Білім мен тәрбие көзі. Ол - адамзат жасаған ең ұлы кереметтердің бірі.

Арабтың «кітап» деген сөзі қазақша «жазу», «жазба» деген мағынаны білдіреді. Кітаптың шығу мен дамуы сол жазу өнерінің пайда болуымен тығыз байланысты.

Кітап дегеніміз - білім. Жақсы кітап сезім мен сананды нұрландырады, көркейтеді. Сен қай кітаптарды оқығаныңды айтып, мен сенің кім екеніңді айтып берейін" деген екен Н. И. Пирогов. Иә, адамның қандай екенін оқыған кітаптары арқылы да айтып беруге болады. Өйткені, сенің оқыған кітабың - сенің өмірлік ойларың...

«Кітап жансыз, бірақ шынайы дос»

Гюго

«Кітап — ақылды қуаттандыратын құрал»

Коменский



Назарларыңызға рақмет, сау
саламатты болыңыздар!

*Виртуалды көрме Тараз қаласы
ОККЖ ақпараттық–библиографиялық
қамтамасыз ету бөлімінде жасалды.*

E-mail: csmb@bk.ru
Web-site: www.libr.e-taraz.kz

 csmb_taraz

 Библ Абая